

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 28 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 25 ақпанда № 7142 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі*

К. Омаров

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев
ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 16 ақпандағы
№ 28 қаулысына
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 74 қаулысы (2018 жылғы 25 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4672 болып тіркелген).

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 74 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 333 қаулысы (2019 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5090 болып тіркелген).

3. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2020 жылғы 20 қарашадағы № 284 қаулысы (2020 жылғы 04 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6720 болып тіркелген).